

СҰҢҒЫЛА ЖЫРДЫҢ СҰЛТАНЫ

Алаш азаматы, еліміздің демократ ақыны С.Торайғыровтың туғанына биыл - 115 жыл. Осыған орай ақынның өсімімен аталатын облыстық кітапханада «Аққан жұлдыздың сыңары» атты поэзия көші өтті. Аталмыш әдеби көште ақынның шығармашылығына бас иетін студенттер мен оқушылар өлең-жырларын оқыды.

Ақиық ақынның артына қалдырған мұрасы қазақ әдебиетінде салиқалы орынға ие. Оның кең тынысты, терең мағыналы «Алаш ұраны», «Жас жүрек», «Бір адамға» өлеңдерін оқымаған

қазақ есте жоқ. Оның поэзиямен қатар прозаға да қалам тербегені өмбеге аян.

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада өткен көште ақынның «Алаш ұраны», «Бір адамға» сынды өлеңдерімен қатар, «Қамар сұлу» романынан, «Адасқан өмір» поэмасынан үзінділер көрермен қауым назарына ұсынылды. Сонымен қатар, ПМПИ студенті Ж.Амантай Д.Өбілевтің С.Торайғыровқа арнаған «Сұлтанмахмұтқа арнау» өлеңін оқыды.

Филология ғылымдарының докторы, ПМПИ доценті Ө.Әміренов С.Торайғыровтың

Алаш азаматтарымен байланысын «Таныстыру» поэмасы арқылы көрсетті.

Өткір ойлы, ұшқыр қиялды ақынның өлеңдері туған тілмен қатар, орыс, неміс тілдерінде де оқылды. Ақынның өлең-жырлары қобыз бен домбырада ойнайтын Балпановтар отбасының сазды күйлеріне ұласты.

Өршіл арман, отты ойларымен артына өшпес мұра қалдырған ақын шығармаларының ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, жаңа заман қойнауынан орнын жоғалтпауы тиіс.

Шолпан ӘУБӘКІРОВА.